



Аршалы айнасы

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

2 ҚЫРКҮЙЕК, ЖҰМА.
2016 ЖЫЛ, №37 (517)

Білімді ел-мәңгілік ел

ТАБЫСЫ МОЛ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ӨТТІ

Өткен аптада Түрген ауылдық Мәдениет үйінде Аршалы ауданындағы педагогика саласы қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз кеңесі өтті.



Тамыз кеңесіне Аршалы ауданының әкімі Азамат Айтбайұлы Тайжанов, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Валерий Гамазов, депутаттар корпусы, мектеп директорлары мен шаруашылық басшылары, ауыл және ауылдық округ

шығармашылық орталығының директоры Н.Коростелева мен «Солнышко» балабақшасының директоры Г.Қаңтарбаевалар шықты. Кеңеске қатысқан облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары В.Гамазов жалпы білім беру саласының, білім берудің

мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысымен кеңінен таныстырды. Өз сөзінде Валерий Георгиевич облыста қазіргі уақытта 599 мектеп, 554 балабақша 38 колледж, 4 ЖОО бар. Алдағы бірінші қыркүйекте тағы да 4 мектеп пен 2 балабақша ашыла-

ды. Мемлекет тарапынан білім саласына жеткілікті деңгейде көңіл бөлінуде. Сөз соңында қонағымыз ұстаздар қауымына нәтиже көрсету үшін ұстаздардан сапалы білім беруді талап етті.

Жиналысқа қатысқан аудан әкімі А.Тайжанов бюджет қаражатын үнемдей отырып, мектептен тыс ұйымдардың жұмысын белсенді жүргізу қажеттілігін атап өтті. Сонымен қатар білім мен спорт егіз сала екенін, сондықтан да өскелең ұрпақтың спортпен айналысуына барлық жағдай жасау



атап өтті. Сонымен қатар білім мен спорт егіз сала екенін, сондықтан да өскелең ұрпақтың спортпен айналысуына барлық жағдай жасау

атап өтті. Сонымен қатар білім мен спорт егіз сала екенін, сондықтан да өскелең ұрпақтың спортпен айналысуына барлық жағдай жасау



атап өтті. Сонымен қатар білім мен спорт егіз сала екенін, сондықтан да өскелең ұрпақтың спортпен айналысуына барлық жағдай жасау

қажеттігін баса айтты. Қазіргі уақыттың өзінде Бабабай, Арнасай, Ижев ауылдарында балалар спорт алаңдары құрылды.

Сонымен тамыз кеңесін қорытындылай келе, аймақ басшысы А.Тайжанов ҚР Білім министрінің Құрмет грамотасымен Ирина Исаева, Министрдің алғыс хатымен Эльвира Котомкина, «генерал Нұрмағамбетов атындағы медальмен» Ерлан Нақыпбеков, Б.Алтынсарин атындағы медальмен Қ.Әубәкірова, «Білім саласын дамытқаны үшін» төсбелгісімен Л.Дегтярова, Л.Плотниковаларды марапаттады.

Облыстық білім басқармасының құрмет грамотасымен Любовь Добродомова, Гүлнар Хусанова, Жансая Таймұратова, Анна Горчиневская, Татьяна Кириченко, алғыс хатымен Наталья Францкевич, Инна Зорина, Людмила Дегтярёва, Гүлнар Байдилдина, Төлеуіш Халым, білім бөлімінің алғыс хатымен Волгодон ОМ мұғалімі А.Фадеева, «Солнышко» балабақшасының тәрбиешісі Л.Рабекина, Хукан Бекей –И.Құтпанұлы мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Хукан Бекей марапатталса, ҰБТ оқушыларының көрсеткен жетістіктері үшін кәсіподақ комитетінің грамотасымен Вячеслав ОМ мұғалімі М.Потехина, орталық ОМ Ш.Ошақбаев, И.Құтпанұлы мектебінің физика пәнінің мұғалімі Р.Қамышева, Волгодон ОМ қазақ тілімен әдебиеті пәнінің мұғалімі Е.Төкенова, Сарыоба ОМ тарих пәнінің мұғалімі Еркежан Силам, Новоалександров



атап өтті. Сонымен қатар білім мен спорт егіз сала екенін, сондықтан да өскелең ұрпақтың спортпен айналысуына барлық жағдай жасау

В. ЦЫГАНОВ.
Аударған: М. МЫРЗАТХАН.
Суретке түсірген: С. ВЕТРОВ.



«МЕКТЕПKE ЖОЛ» АКЦИЯСЫ

торы Шайза Туысхан), Қостомар селолық округінен «Рахмет» дүкені, «Арман» дүкені, «Колос» дүкені, «Ева» дүкені, Жібек жолы селолық округінен «Арзан» дүкені, №3 орта мектебінің директоры Г.М. Байдилдина және мектеп ұжымы, «Алматы» дүкені, «Алас» дәмханасы, АОО бас дәрігері С.Қ. Сембиев, Аршалы кентінен «Иды-

бо» ЖК, Волгодондық «Жанел ММ» ЖШС, «Капас-Кызар» ЖШС, «Нефрит-Голд» ЖШС, А.М. Сүлейменов, «ІК-КЗ» және басқалары демеушілік көрсетті.

Сіздердің жомарттықтарыңыз бен мейірімдеріңізге алғысымыз шексіз.

М. САБЫРЖАНОВА,
АОБ тәрбие ісі жөніндегі әдіскері.

Аудан жаңалықтары

Өткен жұма күні аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалының мәжіліс залында аудан ардагерлері бас қосты.

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАЙЫМЫ САЙЛАНДЫ



Күн тәртібіндегі басты мәселе көптен бері бос тұрған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасын сайлау болатын. Кеңес жұмысына Аршалы ауданының әкімі Азамат Тайжанов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғосман Төлегұл қатысты. Жиналысты аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Л.Францкевич бастап, аудандық ардагерлер кеңесі ұйымының атқарылған жұмыстары туралы мәлімет жасады. Күн тәртібіндегі басты мәселе бойынша облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғосман Төлегұл таныстырып, облыстық кеңестің сынысымен, аудан әкімінің келісім бойынша Аршалы аудандық ардагер кеңесі төрағалығына Ұзақбаева Шырынкүл Маханбетиярқызын сайлауды ұсынды.

Шырынкүл Маханбетиярқызы Өзбекстан Республикасының «Достық» орденінің иегері, 2006 жылдан Аршалы ауданында тұрады. Осы уақыт арасында аудандық агротехникалық колледжде, қазақ орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарған. ҚР Білім министрлігінің, облыстық, аудандық білім бөлімінің көптеген мақтау қағаздарымен марапатталған. Ауданымыздағы «Ақ әжелер» тобының жетекшісі. Аталмыш ансамбль көптеген облыстық, аудандық көркемөнерпаздар байқауының

лауреаты. Жарыссөзге шыққан ардагерлер кеңесінің президиум мүшесі Қайрат Аленов, аудандық орталық мешіттің ақсақалдар кеңесінің төрағасы Талғат Мамбетов, ардагерлер кеңесінің мүшесі Владимир Биджиев сөз сөйлеп, жаңа төрайымға сәттілік тілеп, лайықты кандидат екендігін және қолдайтындықтарын білдірді. Сонымен жалпылай дауыс беру қортындысына сай, Ұзақбаева Шырынкүл Маханбетиярқызы бірауыздан сайланды. Аудан әкімі Азамат Тайжанов жаңа төрайымды құттықтай отырып, алдағы жұмысына табыс тіледі. Бізде өз тарапымыздан ауданымыздың ардагерлерінің мұң-мұқтажын тыңдап, шешімін табуға үлес қосып, аудан басшылығының сенімін ақтап, ауданымыздың абыройын асқақтатуға барын салып еңбек етуіне шын жүректен тілектестігімізді білдіреміз.

М. МЫРЗАТХАН.
Суретке түсірген:
В. ЦЫГАНОВ.



Жаңа тағайындау

ҰЗАҚБАЕВА ШЫРЫНКҮЛ МАХАНБЕТИЯРҚЫЗЫ

Ұзақбаева Шырынкүл Маханбетиярқызы Өзбекстан Республикасы, Бұхара облысы, Тамды ауданында 1953 жылы 14 ақпанда дүниеге келген. Ұлты-қазақ. Білімі жоғары. 1975 жылы Ташкент қаласында әлем тілдері институтын философия мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын Тамды ауданында №1 В.И. Ленин атындағы мектепте қазақ және орыс тілі пәні мұғалімінен бастаған.

2005 жылы тарихи отанға оралғаннан кейін, Қазақстанда Аршалы ауданы 14-КЛ, №2, №3 орта мектептерде қазақ-тілі мұғалімі болып жұмыс істеген.



2010-2015 жылдары Аршалы ауданы тілдерді оқыту орталығында мемлекеттік тілде дәріс берген. Аудандық және ауылдық еңбекші депутаттар кеңесінде депутаты болған. Білім беру ісінің «Үздігі», «Жоғарғы санатты мұғалім» атағы бар.

Еңбек жолындағы жетістіктерімен «Достық» ордені, «Өзбекстан Республикасы Тәуелсіздігіне -10 жыл» медалімен марапатталған. Ағымдағы жалдың 26 тамызында Аршалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы болып тағайындалды.

4 бала тәрбиелеп өсірген ана және 11 немересі бар әже.

■ Ұлы тұлға

АҢЫЗ АДАМ БОЛҒАН ТӘШЕНЕВ

Жуырда «Аңыз адам» журналының соңғы нөмері баспадан шықты. Кезекті нөмері Никита Хрущевке (1894-1971жж) арналған (№ 14 (146) шілде 2016 жыл) белгілі отандық тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар ойлары білдірді. Ғалым Талас Омарбековтың айтуы бойынша: «Қазақстанға Н.Хрущевтің билікте болуы жайсыз тиді. Ол 1954 жылы наурыз айында Орталық комитеттің ақпан-наурыз пленумында «Тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» мәселені қозғап, астық жетіспей жатқандығын айтып және осы қиыншылықтан шығу үшін Қазақстанда алғаш 6,3 миллион гектар жерді игереміз деген шешімді қабылдапты. Шынында да, Қазақстанда астық өсіруге қолайлы осыныама жерлер бар болатын. Бірақ тың жерлерді игеру басталғанда бір жылдары Қазақстанда 6 жарым миллион емес, 18 миллион гектар жерді жыртып тастады. Тіпті ауылдағы қазақтардың үйінің

төңірегіндегі әжетханасына, іргедегі өзен-көлдеріне дейін жыртып, олардың суын сарқа сорып алып, жыртылған егінге пайдаланды. Нәтижесінде көлдер сарқылды, өзендер тартылды.... Тың өлкесіндегі жаңа совхоздар шын мәнінде байырғы қазақ ауылдарынан басқа, шалғай, жаңа жерлерге салынып, ол жерлер өңшең түрмеден шыққан, қылмыскерлердің тұрақтайтын мекеніне айналды....» (журналдың 34 бетінде). Тіптен, қазіргі Астанамыздың Ақмола атауын Целиноградқа өзгертіп (1961 жылғы наурыздың 20-шы күні), Тың өлкесін құрып (1960 жылғы желтоқсан айының соңында), соның астанасы қылды. Осыған мемлекет басында отырған кейбір ағаларымыз қарсылық білдіріп, өзінің пікірлерін ашық айтқан жайы тағы бар. Олар туралы профессор Жарас Ермекбайдың журналға айтылған сұхбаты орын алған: «Иосиф Сталин қайтыс болғаннан кейін Н. Хрущев (1953-1964жж КОКП

ОК 1-ші хатшысы) сол кісінің орнына келіп, КСРО-ны басқарған еді. Жасаған жақсылықтары болғанымен қазақ еліне оның көп



қасіреті тиді. Мысалы, 1954 жылы тың игеру жұмыстары басталған уақытта өзіне қарсы шыққан қазақ азаматтарын қуғындаған болатын. Артында жерімізді, әсіресе Солтүстік Қазақстан облысындағы шұрайлы жерлерді алып, Ресейге қосқысы келді. Тіпті Маңғыстау облысына да ауыз салып, біраз жерімізді Өзбекстан еліне бермек болды... Кезінде бірінші хатшы қызметін атқарған Жұмабай

Шаяхметовті, Үкімет басқарған Н. Оңдасынов одан кейін Ж. Тәшеневтерді «партияның шешіміне қарсы болдың» деп қызметтерінен босатқан еді. Жұмабай Шаяхметов ағамызды: «Тыңды көтеру керек. Алайда жерді көзсіз жыртып тастаудың қажеті жоқ» деген сөзі Хрущевке ұнай қоймағандықтан ол кісіні қызметінен босатты. Негізі, Ж.Шаяхметов – 1946 жылдан 1954 жылға дейін Қазақстан Республикасының бірінші хатшысы болған адам. Ол кісіні Сталиннің өзі де жақсы сыйлаған. Кейін Жұмабек Тәшеневті Мәскеуге шақырып алып: «Қазақстанның солтүстік облыстарын Ресейге берсек қалай болады?» деп сұрағанында Ж.Тәшеневте ашықтай қарсылық білдірген еді. Сонымен біз осындай азаматтарымыздың арқасында жерімізді сақтап, қазіргі күнге дейін өз жерімізге өзіміз иелік етіп отырған жайымыз бар. Ал мүмкін сол кезде Ж. Тәшеневтің орнында басқа біреу болса,

үндемесе, жағдай басқаша болар ма еді, кім білсін?! (аталған журналдың 35 бетінде). Соңында тағы бір айтып кететін жағдай, ол зерттеуші ғалым Сайын Борбасовтың пікірі: «... шынында Жұмабек Тәшенев – қандай құрметке болса да лайық қазақтың біртуаразаматы, нағыз тарихи тұлға. Өзінің ыңғайына көнбеген Тәшеневті Хрущев қызметінен алып, Шымкентке облыстық атқару комитеті төрағасының қатардағы орынбасары қызметіне жіберді. Дегенмен, Хрущевтің Сталиннен бір ерекшелігі бар. Бұл кісі билікке келген соң Сталин сияқты террор жүргізген жоқ. Иә, кезінде сталиндік террорға өзінің белишесіне батқаны бар. Бірақ та кейін өзі билікке келген соң ондай саясаттан аулақтау болды. Әйтпесе, Сталиннің кезі болса, Тәшенев атылып кететін еді» (журналдың 26 бетінде).

Е. ҚАБЫЛДА,
Береке ауылының тумасы.

■ Қазақстан - 2050

ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ-АҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ РЕСІМДЕУ

Қазіргі заманда ақпараттық технологияларды барлық жерлерде енгізу және мемлекеттік органдарда ақпараттық жүйелердің даму деңгейі тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді алу амалдары мен механизмдерді жаңартуға мүмкіндік береді, соның ішінде Интернет желіде онлайн режимде пайдаланушының мемлекеттік қызметтерге мүмкіндікті қамтамасыз ету («электронды үкімет» портал арқылы).

Электрондық қызметтердің негізгі принципі – көрсетілетін қызметті алушының «электрондық порталға» жүгіну және мемлекеттік органдардың ақпараттық

жүйелерге әлектрондық өтінішті құрастыру – мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажет, ақпараттардың иелері. Мысалға, көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәлімет немесе туу/неке тіркеу фактілер туралы мәлімет және басқа, бұл ретте «электрондық үкімет» порталына қолайлы уақытында, уақыттың және күш салудың ең аз шығынданып жүгінуге болады. Көрсетілетін қызметті алушы «электрондық үкімет» портал арқылы мемлекеттік қызметтерді ресімдеген кезде әр түрлі анықтамаларды жинаудан және оларды алу үшін инстанция-

лар бойынша қосымша жүруден босатылады.

Осы уақытта «электрондық үкімет» веб-портал арқылы көрсетілетін қызметті алушылар келесі мемлекеттік қызметтерді алуына жүгіну құқығы заңнамада көзделген: мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі; жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы; әлеуметтік төлемдер; жұмысынан айырылу жағдайына, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда; бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларға.

Жәрдемақы тағайындау үшін «электрондық үкімет» www.egov.kz

веб-порталы арқылы электрондық өтінім арқылы өтініш беріледі. Аталған функция әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға және жеке электрондық-цифрлық қол қоюға құқығы бар барлық интернет пайдаланушыларға рұқсат етілген.

Мемлекеттік қызметті алуға электрондық сұраным жасау үшін Электрондық үкіметінің порталы сайтына www.egov.kz сілтеме бойынша кіру қажет. Әрі қарай, жеке ЖСН қолданып, пайдаланушының жеке кабинетіне кіру жүзеге асырылады. Кейін, қызмет көрсету тарауын таңдау терезесінде «Әлеуметтік қамсыздандыру», «Отбасы» тармағы таңдалады

және әрі қарай қадам-қадаммен барлық қажетті амалдар орындалады.

«Электронды үкімет» веб-портал арқылы жолданған электрондық өтінішті Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі қабылдаған кезде, өтініш берушіге қабылдағаны (қабылдамағаны) туралы хабарлама жолданады.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтерді веб-портал арқылы алу артықшылығы: уәкілетті органдар бойынша құжаттарды жинау қажетсіздігі, кезектердің болмауы, аптаның кез-келген күні тәулік бойы ыңғайлы уақытта электрондық өтініш беру мүмкіндігі болып табылады.

ӘЛЕУЕТТІ ҚҰРЫЛЫМДАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ 50% ЖАРНАСЫН АУДАРУ РӘСІМІ АЯҚТАЛДЫ

2016 жылғы 10 тамызда жоспар-кестелерде көзделген әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдшерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шеңберге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған тұлғалардың пайдасына бюджет қаражаты есебінен бұрын аударылған міндетті зейнетақы жарналарының 50 пайызын республикалық бюджетке қайтару

шаралары аяқталды.

Аталған шараның 2016 жылғы 18 ақпанда басталғанын еске сала кетейік. Жоспар-кестелерде белгіленген мерзімдер мен шаралар Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілді.

Әскери қызметшілердің және әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің пайдасына бюджет қаражаты есебінен бұрын аударылған міндетті зейнетақы жарналарының 50 пайызын

республикалық бюджетке қайтару – аталған санаттағы азаматтарды толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға ауыстырудың міндетті талабы. Аталған шара олардың зейнетақы мөлшерін елеулі түрде көбейтуге мүмкіндік береді.

Зейнетақы жинақтарының қалған бөлігін пайдалану құқығы әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлеріне зейнетақы заңнамасының нормаларына сәйкес жалпы негіздер бойынша беріледі. Қандай да бір себеппен жарналарының 50 пайызы қайтарылмаған әскери

қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлері де зейнетақы төлемдерін осы талаптарда алады.

Әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап тоқтатылды. Осы кезеңнен бастап «толық емес» көлемде еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы төлемдерін алатын (1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қызмет мерзімі 10 жылдан аз болған) әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің

зейнетақы мөлшері міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызды жеке зейнетақы шотынан есептен шығару туралы БЖЗҚ растау-анықтамасының негізінде қайта есептеледі.

Сонымен қатар міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызды жеке зейнетақы шотынан есептен шығару туралы БЖЗҚ растау-анықтамасын өткізу – 1998 жылғы 1 қаңтарда қызметке алғаш кіріскен әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары бойынша мемлекеттік бюджеттен зейнетақы тағайындау талаптарының бірі.

АҚ негізінде құрылды. «БЖЗҚ» АҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін көтеру бойынша ұсыныстар

жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік

зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы

жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ
баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар:
press@enpf.kz

АЛДАҒЫ УАҚЫТТАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Зейнетақы реформалары мәселелері жөніндегі Елбасының 2013 жылғы 07 маусымдағы тапсырмасын орындау мақсатында қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін кезеңдеп жаңғырту жұмысы жүргізіліп жатыр.

Жаңғыртудың екінші кезеңінде 2014 жылғы 18 маусымда зейнетақы төлемдерінің адекваттылығын қамсыздандыруға бағытталған Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың тұжырымдамасы бекітілді.

Оны іске асыру үшін 2015 жылғы 02 тамызда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.

Базалық зейнетақы тағайындау тәртібінің өзгеруі енгізудің бірі болып табылады.

Бүгінгі күні барлық зейнеткерлер еңбек өтіліне қарамастан, 11 965 теңге мөлшерінде бірдей базалық зейнетақыны алады.

2018 жылғы 01 шілдеден бастап базалық зейнетақы зейнетақы

жүйесіне қатысу өтіліне байланысты және жалпы белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен кезде ғана тағайындалады (58/63 жасқа жеткенге дейін кезеңдеп - әйелдер үшін, 63 – ерлер үшін).

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің әрбір алушыларына зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі анықталады.

Қатысу өтіліне: 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МЗЖ) жүзеге асырылған кезеңдер қосылатын болады.

Міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезеңдер МЗЖ түскен жалпы ай саны бойынша МЗЖ аудару туралы орталықтандырылған деректер базасында бар мәліметтер бойынша есептеледі.

Егер бір айда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің МЗЖ аудару бірнеше рет жүзеге асырылса, онда жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу бір айды құрайтын болады.

Зейнеткерлер болып табылатын адамдардың 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі

қосымша құжаттарды сұратусыз мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы ісінде бар құжаттар бойынша есептеледі.

Қайта есептеу жұмысы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін алушыдан өтініш сұрамай, оны тағайындаған уәкілетті мемлекеттік органмен жүзеге асырылады.

Ә. САТЫБАЛДИНОВА,
Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші – қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің бас маманы

■ Мемлекеттік стандарт

«АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫ, МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІНІҢ ӨНІМДІЛІГІН ЖӘНЕ САПАСЫН АРТТЫРУДЫ СУБСИДИЯЛАУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫ

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.11.2015 № 3-2/980 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер
1. «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. Өтінімді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың кеңселері;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 3) «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға, сондай-ақ порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – тиісті айда квота және қаржы қаражаты болған жағдайда жиырма төрт жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

2) көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар пакетін тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 минут.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия алуға өтінімді қарастыру нәтижелері туралы хабарлама болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Парталға сұрау салған кезде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 84-бабына және

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау және нәтижені беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;

2) Мемлекеттік корпорацияда – Кодекстің 84-бабына және Заңның 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-сенбі аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының мүлкі объектісінің тіркелген орны бойынша «электрондық» кезек тәртібімен, жеделдетіп қызмет көрсетусіз көрсетіледі. Электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады;

3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекстің 84-бабына және Заңның 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау және нәтижені беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға өтінім;

2) Мемлекеттік корпорацияға – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға өтінім; жеке куәлік (жеке басын сәйкестендіру үшін);

3) порталға – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрамын; Көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация: асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, оның ішінде: асыл тұқымды ірі қара малдың, қойлардың, маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен, сондай-ақ бал араның ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге; тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара мал мен қойдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге; асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алуға; отандық және шетелдік асыл тұқымдық зауыттардан және шаруашылықтардан асыл тұқымды қойларды, жылқыларды, шошқаларды, түйелерді, маралдарды (бұғыларды) сатып алуға; отандық және шетелдік асыл тұқымдық репродукторлардан асыл тұқымды тәуліктік балапан мен ата-енелік/ата-тектік нысанды құстардың етті және жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқасын сатып алуға; жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған, жалпы табында өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті, сүтті және қос бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға; шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара мал мен қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге; асыл тұқымдық орталықтар мен асыл тұқымды жануарлардың ұрығын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталықтардың (бұдан әрі -

дистрибьютерлік орталық) ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басына қолдан ұрықтандыру жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алу жөніндегі шығындарын 50 %-ға дейін өтеуге өтінім беруге негіз пайда болған сәттен бастап 12 айдан аспаған кезде; мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, оның ішінде: бірінші деңгейлі өндірістегі бордақылау алаңдарына бұқашықтарды өткізуге; сиыр етіні, жылқы етіні, қой етіні (қозы етіні), түйе етіні, шошқа етіні, құс еті және күрке тауық етіні (бұдан әрі – құс еті), жұмыртқалағыш қроссты тауық жұмыртқасын (бұдан әрі – тағамдық жұмыртқа), сүт, қымыз, шұбат, биязы жүнді қойлардың жүнін (бұдан әрі – биязы жүн) өндіру құнын арзандатуға; ірі, шырынды, құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін арзандатуға өтінім беруге негіз пайда болған сәттен бастап үш айдан аспаған кезде субсидиялар алуға өтінімдерді қабылдайды.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері, көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзы арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Көрсетілетін қызметті алушыға - өтінімді көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде көшірмесінде өтінімді қабылдау күні мен уақыты, өтінімді қабылдаған лауазымды адамның тегі және аты-жөні көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі қойылғаны қағаз жеткізгіштегі өтінімнің қабылданғанын растау болып табылады.

2) Мемлекеттік корпорацияға - көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

3) порталға - көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушының (не нотариалды расталған сенімхат бойынша оның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижесін бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінсе, Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжатты көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қабылдау мәртебесі көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу

тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартыды және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3 қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметтертер көрсету мәселелері бойынша, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекен-жайлар бойынша почта арқылы жазбаша нысанда, не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысының атына жіберіледі. Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекен-жайы;

2) заңды тұлғаның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) Мемлекеттік корпорацияға, көрсетілетін қызметті берушіге шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының 1414 немесе 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушыға оның шағымның қабылданғаны туралы растау үшін шағымды қабылдаған адам талон береді, онда нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, осы шағымға жауапты алу мерзімі және орны, шағымның қаралу барысы туралы ақпарат алуға болатын адамның байланыс деректері көрсетіледі.

Электронды өтінімді портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинеттен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау туралы немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жанартылып Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады

не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызмет ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

13. Ағза функцияларының тұрақты бұзылулары бар, өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, құжаттарды қабылдауға бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсетуді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 1414, 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіне отырып, тұрғылықты жеріне барып жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға күту және қажетті құжаттарды дайындау уақытында жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттар тізбесі және оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақталған құжаттарды толтыруға арналған орындар), өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның ғимараттары дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандусы бар кіреберіспен жабдықталған.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында;

2) Мемлекеттік корпорацияның www.con.gov.kz интернет-ресурсында;

3) порталда орналастырылған.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016 № 15 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

16. Көрсетілетін қызметті алушыда ЭЦҚ болуы шартымен мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

17. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

18. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2016 ж. 5-11 қыркүйекке дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

5 қыркүйек. Дүйсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 4 серия
09.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
10.00 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
11.00 Х/ф «Волчонок среди людей»
12.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
12.35 «Актуальная тема». Передача
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
13.15 «Салауат». Хабар
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
14.05 М/с «Футболға саяхат». 1,2 серия
14.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
14.55 М/ф «Лупидиду».
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.15 «Полиглот». Передача
19.25 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.35 «Полиглот». Передача
20.45 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Өзекті әңгіме». Хабар
22.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 5 серия
23.00 «Аймақ ақпарат»
23.40 Т/с «Обмани если любишь». 3 серия
00.30 Х/ф «Волчонок среди людей»
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
6 қыркүйек. Сейсенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 5 серия
09.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
10.00 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
11.00 К/ф «Күне жуылған күн»
12.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
12.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
13.15 «Полиглот». Передача
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
14.05 М/с «Футболға саяхат». 3,4 серия.
14.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
14.55 М/ф «Лупидиду».
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.15 «Алтын мекен». Хабар
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
20.35 «Алтын мекен». Хабар
20.45 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Актуальная тема». Передача
22.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 6 серия
23.00 «Аймақ ақпарат»
23.40 Т/с «Обмани если любишь». 4 серия
00.30 К/ф «Күне жуылған күн»
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7 қыркүйек. Сәрсенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 6 серия

09.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
10.00 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
11.00 Х/ф «Станция любви»
12.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
12.35 «Актуальная тема». Передача
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
13.15 «Алтын мекен». Хабар
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
14.05 Т/с «Футболға саяхат». 5,6 серия
14.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
14.55 М/ф «Лупидиду».
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Ойұшқын». Тікелей эфир
19.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.15 «Жана толқын». Хабар
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.35 «Жана толқын». Хабар
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ойұшқын». Хабар
22.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 7 серия
23.00 «Аймақ ақпарат»
23.40 Т/с «Обмани если любишь». 5 серия
00.30 Х/ф «Станция любви»
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
8 қыркүйек. Бейсенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 7 серия
09.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
10.00 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
11.00 К/ф «Менің күнәлі періштем»
12.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
12.35 «Ойұшқын». Хабар
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
13.15 «Жана толқын». Хабар
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
14.05 Т/с «Футболға саяхат». 7,8 серия.
14.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
14.55 М/ф «Лупидиду».
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.15 «Вкратце». Передача
19.30 Д/ф «Келбет»
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
20.35 «Вкратце». Передача
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Өзекті әңгіме». Хабар
22.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 8 серия
23.00 «Аймақ ақпарат»
23.40 Т/с «Обмани если любишь». 6 серия
00.30 К/ф «Менің күнәлі періштем»
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9 қыркүйек. Жұма
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 8 серия
09.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
10.00 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
11.00 Х/ф «Бегущая мишень»
12.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
12.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
13.15 «Вкратце». Передача
13.30 «Аймақ ақпарат»

14.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
14.05 Т/с «Футболға саяхат». 9,10 серия
14.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
14.55 М/ф «Лупидиду».
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.15 «Салауат». Хабар
19.25 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
19.30 Д/ф «Келбет»
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.35 «Салауат». Хабар
20.45 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Актуальная тема». Передача
22.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 9 серия
23.00 «Аймақ ақпарат»
23.40 Т/с «Обмани если любишь». 7 серия
00.30 Х/ф «Бегущая мишень»
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
10 қыркүйек. Сенбі
10.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
10.05 «Аймақ ақпарат».
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
11.00 Т/х «Бірінші ханым». 9 серия
12.00 «Спорт лайф». Хабар
12.10 «Ойұшқын». Хабар
12.35 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
12.40 «Өзекті әңгіме». Хабар
13.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
13.15 М/с «Венди». 23 серия
13.45 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
13.50 «Спорт лайф». Хабар
14.00 «Аймақ ақпарат»
14.40 «Қос қарақшы». 10 бөлім
15.00 «Т.Медетбековтың шығармашылық кеші».
16.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
16.35 «Актуальная тема». Передача
17.05 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
17.10 М/с «Футболға саяхат» 11 серия
17.30 М/с «Бала тілі бал»
18.05 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
18.10 «Жыр – ғұмыр». Хабар
18.30 «Знаете ли Вы?». Передача
18.40 «Спорт лайф». Хабар
18.50 «Народный вопрос». Передача
19.00 «Өңір өрнегі».
19.30 «Картина недели»
20.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»
20.05 Т/х «Бірінші ханым». 10 серия
21.00 «Рухани мұра». Хабар
21.10 «Знаете ли Вы?». Передача
21.20 «Жыр – ғұмыр». Хабар
21.40 «Спорт лайф». Хабар
21.50 «Народный вопрос». Передача
22.00 К/ф «Алғысым саған шексіз»
22.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
11 қыркүйек. Жексенбі
10.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
10.05 «Өңір өрнегі».
10.35 «Картина недели»
11.05 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
11.10 Т/х «Бірінші ханым». 10 серия
12.00 «Қос қарақшы». 11 бөлім
12.20 «Рухани мұра». Хабар
12.35 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
12.40 «Актуальная тема». Передача
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
13.15 М/с «Венди». 20 серия
13.45 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
13.50 «Рухани мұра». Хабар
14.00 «Өңір өрнегі».
14.30 «Картина недели»
15.00 «Құдайберген Бекішовтың өмір өзен ән кеші».
16.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
16.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
17.05 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
17.10 М/с «Футболға саяхат». 12 серия
17.30 М/с «Бала тілі бал»
18.05 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
18.10 «Рухани мұра». Хабар
18.20 «Народный вопрос». Передача
18.30 «Знаете ли Вы?». Передача
18.40 «Жыр – ғұмыр». Хабар
19.00 «Өңір өрнегі».
19.30 «Картина недели»
20.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
20.05 Т/х «Бірінші ханым». 11 серия
21.00 «Құдайберген Бекішовтың өмір өзен ән кеші».
21.45 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»
21.50 К/ф «Біржан сал»
00.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

Абай болыңыз!

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК!

Судағы демалыс-адамдардың, әсіресе жазда, демалу түрінің үздігі болып табылады. Суда шомылу, жүзу, катерлерде және кемелерде серуендеу және т.б. балаларға және ересек адамдарға көп ләззат әкеледі. Бірақ, демалыс түзелмес қайғымен ауысуы мүмкін. Судағы қауіпсіздік

себебі: баларларды ересек адамдардың қамқорлығынсыз қалдыру (1 – оқиға), судағы қауіпсіздік ережелерін орындамау (8 – оқиға), балық аулау кезінде құтқару құрылғыларының болмауы (4 – оқиға).

Судағы демалыста адамдардың өлімін болдырмау мақсатында, шомылу маусымы басталуынан бастап, Аршалы ауданындағы ІІБ-нің қызметкерлерімен бірлесіп, Аршалы ауданындағы ТЖБ және 6-ӨСБ-нің қызметкерлерімен ескерту іс-шаралары орындалды, соның ішінде: судың 11 қауіпті жерлері күзетілген, 11 рейд өткізілген, 68 демалып жүрген адамдармен сөйлесулер өткізілген, 358 ескерткіштер мен кітапшалар таратылған.

10 қоғамдық жерлерде ескерту үгіт шаралары орналастырылып, 2 балалар лагерлерінде сөйлесулер және сауалнамалар жүргізілді.

Аршалы ауданының ТЖБ мамны.



ережелер мен іс-шараларын жеңіл-желпі көзқараспен орындау қайғылы оқиғаларға, адамдардың өліміне әкеп соқтырады. Солай, Ақмола облысында ағымдағы жылы әртүрлі жағдайда суда 13 адам, оның ішінде 2 бала қаза болды. Адамдардың қаза болу негізгі

Спорт

БАСТАПҚЫ ОЙ НЕДЕ?

Аршалы ауданының Жастар орталағында 21 тамыз - Спорт күніне орай қыздар мен ұлдар арасында шахматтан ашық турнир өтті. Жас интеллектуалды тартысты жарысқа 8,10-12 жас аралығындағы балалар қатысты. Мектебіміздің ең кішкентай шахматшысы ойнағанда қарап тұрғанның өзі қызықты. Әрбір ойыншы өзіндік мәнері мен шеберлігінің арқасында жарыста алдыңғы қатардан көрінетін сөзсіз. Мысалы, турнирге қатысушылардың арасында ең кішкентай қатысушы Миша Кооп (Светлячок балабақшасы) 8 жасқа дейін жас санаты бойынша екі турнирде де қатарынан ұтып, барынша көп ұпай саны бойынша сенімді түрде жеңіске жетуде.

Бір сөзбен айтқанда оның болашағына деген мол сенім бар. Ал жұлделі екінші, үшінші орындарды №3 АОМ оқушылары Құралай Махаева мен Ади Кеңесбай алды. Олар өздерінің шеберліктерін одан әрі де жетілдіре түседі деген үміттеміз. Жас санаты бойынша 10 жасқа дейінгі жасөспірімдер №1 АОМ Александр Муравкин мен №3 АОМ Мансұр Шақанов бірден екі дүркін чемпионы. Ұпай саны бойынша екеуі де 1 орынға ие болды. Екеуі де жақсы деңгейде ойын көрсетті. Екінші орынды №3 АОМ Дархан Серікбай ал, үшінші орынды Алина

Медведская (Ленинград облысы) жеңіп алды. Жас санаты бойынша 12 жасқа дейінгі қыздардың ешбіреуі турнирде сенімдерін ақтамады. Бірінші орынды №3 АОМ Ботагөз Жұмабаева жеңіске жетті. Өзінің құрбы қарсыласы сәл ғана жерден ұтылып, №3 АОМ оқушысы Назым Серікбай екінші орынға ие болды. Екеуі де Ақмола облысы бойынша қыздар арасында чемпионатқа қатысқан және осы жылы Аршалы ауданы атынан қараша айында Көкшетау қаласында өтетін облыстық жарысқа қатысатын болады.

Сондай-ақ, құрама командасының 12 жасқа дейінгі жас санаты бойынша №3 АОМ оқушысы Ернұр Сұлтанбеков үшінші орынға ие болды.

Аршалы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі чемпиондар мен жұлдегерлерді мерекелік турнир медалдарымен және мақтау қағаздарымен марапаттады. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне орай ашық турнирде бірегей аудан чемпиондары, жарыс күнтізбесі бойынша аудандық және облыстық «Жастар» спартакиадасында ойын көрсететін болады.

Ойнаңыздар! жеңімпаз болыңыздар.

П. КЕЦЛЕ,

жарыстың бас төрешісі.

Осы күнгі хаттардан

«АҚ ОРАМАЛ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы күні қарсаңында Бұлақсай ауылдық кітапханасында "Ақ ормал" акциясы өтті. Оған Бұлақсай ауылдық округі әкімінің аппараты қызметкерлері, жергілікті наубайхана, "Нововладимировка" ЖШС өкілі Н. Гуртовенко шақырылды.

Қонақтарды қарсы ала отырып мен оларға «Өлем. XXI ғасыр» манифестін ілгерілетуді қамтамасыз ету мақсатында еліміздің өңірлерінде «Қазақстан халқы Ассамблеясының» бастамасымен «Ақ ормал» республикалық акциясының басталғанын айтып өттім. Баяндама мен өткен заманғы дәстүр мен қазіргі заманғы дәстүрді байланыстырып көрсеттім. Бұдан әрі Қазақстанның мәдени мұрасы туралы сұрақ жауап жүргізілді. Іс-шара нәтижесінде әкім аппаратының бас маманы Ж. Абраева бастауыш мектеп мұғалімі Исенова Роза Жұманқызының басына ақ ора-



мал байлады, осылайша казак әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін тәжірибе ретінде көрсетті.

Бұның барлығы да өте әсерлі және әдемі үлкен мағынада, ұрпақ тәрбиесіне зор үлесін қосып оны сақтауға әкелсе, бір жағынан еліміздегі бейбіт өмір мен тыныштықты қалыптастыратыны белгілі.

Г. ДҮЙСЕКЕЕВА,
Бұлақсай ауылының кітапханашысы.

Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС	РЕДАКТОР	Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.	Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табак. Тапсырыс № 1 индекс: 65815. Газет Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ теріліп, басылады.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады	М. МЫРЗАТХАНҚЫЗЫ.		

Газетті есепке қою туралы мемлекеттік №7841-Г куәлікті 2006 жылы 16 қарашада Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат Министрлігі берген.